

## Дәріс №9

**Тақырыбы:** Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті.


**Дәрістің мақсаты:** Студенттер көне түрік ескерткіштерін мазмұны мен зерттелу барысы, түрік халықтарының әдеби шығармаларының маңызы, Қазақстанда көне заманда тараған дін тармақтары, қазақтың тұрғын үйі, ұлттық киімі, ұлттық тағамы, дәстүрі жөнінде біледі; ұлттық құндылықты қадірлеулері артады; түркі халықтарының (қазақтардың) әдеби шығармаларының маңызын ажырата алады.

**Мазмұны:** 1. Көне түрік жазба ескерткіштері және оның маңызы. 2. «Құтаду білік» - түрік халықтарының зайырлы әдебиетінің тұңғыш ескерткіші. 3. Махмуд Қашғари және оның «Диуан лұғат ат-түрік» еңбегі. 4. Діни наным-сенімдер. Тәңірге табыну. Исламның таралуы. 5. Көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара әсері. 6. Көшпелілердің материалдық мәдениеті.

### Көне түрік жазба ескерткіштері және оның маңызы.

Көне Түркі жазуының пайда болуы туралы болжамдар:

1. Бұлар ру таңбаларына ұқсайды. Мағыналық белгілерге ұқсайды.
2. Көне замандағы финикия жазуының арамей тармағына ұқсас жерлері бар.
3. Көне Соғды жазуын Түркі тіліне бейімдер өңдеу және таңбалар қосу арқылы қалыптасқан.



Көне Түркі жазулары негізінен 6-10 ғасырлар аралығында Ұлы Түркі қағандығы, Хазар қағандығы кезінде қолданылған. Таралу аймағы Монғолия-Сібір далаларынан Тибет жеріне дейін және Еуропадағы Венгрия, Чувашия аймақтарына дейін кездесіп отырады. Көне Түркі жазуларының орнына далалыққа көне Ұйғыр жазулары келді. Бұл жазуларды кейде манихей жазулары деп атайды. Оның таралуы Манихей дінінің таралуына байланысты болды. Кейін бұл жазуларды Ислам дінінің ықпалымен енген Араб жазулары ығыстырып шығарды. Кейін осы Араб жазуларының орнына қазіргі Түркі халықтары Латын және Кирилл әліпбилерін қолданады. Дала жазуының тарихы б.з.б. 8 ғасырларда көшпенділер даласына Брахми және Кхароши жазулары таралған. Бұлар көне Үндістаннан келген. Ғұн заманынан қалған

қысқа жазуларды оқу мысалы, Қытай жазбаларындағы «шаньюй» (Моде шаньюй) деген сөздің Ғұн тілінде «Сеңгір» деп дыбысталатынын анықтап берді. Бұл – «биік», «асқақ», «жоғары» деген мағына береді-де қазіргі Түркі тілдерінде, мысалы Қазақ тілінде «Сеңгір таулар», «Заңғар көк» сияқты тіркестерде кездесіп отырады. Көне Қытайлықтардың б.з.б. дәуірлердегі «Хунну жазуы» деп отырғаны осы жазу. Кейін б.з.б. 3 ғасырлардан бастап далалыққа Соғды жазулары тарайды. Ол ежелгі Қаңлы мемлекетінде б.з.б. 3 және б.з. 5 ғасырлары аралығында кеңінен қолданылған. Мысалы қазіргі Қазақстанның оңтүстігінен табылып отырған «Күлтөбе жазулары» б.з.б. 2-1 ғасырларға жатады.

#### Көне Түркі жазуының жалпы сипаттамасы.

Көне Түркі жазулары немесе Көне түркі алфавиті – дыбыстық жазу түрі, яғни сөздегі дыбыстарды таңбалап жазады. Негізінен 6-10 ғасырларда үлкен аймаққа таралған Көне Түркі жазуларын ғалымдар үш топқа бөліп қарайды:

1. Енисей ескерткіштері.
2. Талас ескерткіштері.
3. Орхон ескерткіштері.

Орналасу жері болмаса, бұлардың қолданылған жылдарының айырмасында және жалпы жазу таңбаларының қолданылуы арасында елеулі айырмалар жоқ. Алайда Түркі жазбаларының жазылу мерзімдеріне қарағанда алғашқы Енисей-Лена бойынан, Сібірден, Байкал аймағынан Монғолия далаларына, Орхон жеріне, одан Қазақстан мен Қырғызстан, Шыңжаң жеріне қарай біртіндеп таралғанын көрсетеді. Ал жазылу үрдісі, таңбаларының қолданылуы ұқсас, оқылуы біркелкі.

1. Енисей ескерткіштеріне Енисей бойынан және Тува, Хакас, Алтай республикаларының (бәрі де Ресей құрамындағы Түркі республикалары) аймағынан және Ресейдің батыс сібірде орналасқан Жаңасібір (Новосибирск) облысы мен Ертіс бойынан табылған жазулар жатады. Оның қолданылған, жазылған жылдары 5-7 ғасырлардың аралығы. Бұл аймақтан табылып отырған көне Түркі жазба ескерткіштердің жалпы саны қазіргі кезде шамамен 150-дей.

2. Талас ескерткіштері. Бұл аймақтағы жазулар Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Сыр бойы мен Қырғызстан аймақтарына таралған, соның ішінде көп шоғырланған жері қазіргі Жамбыл облысында. Қолданылған мезгілі бірыңғай 8 ғасыр. Ескерткіштердің жалпы саны шамамен 20 шақты.

3. Орхон ескерткіштері. Монғолиядағы Орхон, Селенг, Тола өзендерінің бойынан және Ресейдегі Минусинск ойпатынан табылған ескерткіштер жатады. Қолданылған мезгілі 7-8 ғасырлар. Ескерткіштердің жалпы саны 30 шақты. Алайда ең көлемді, ұзақ мәтінді жазбалар осы топқа жатады. Бұның ішінде тарихи құндылығы жағынан «Құтлығ қаған», «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк», «Күлі Чор» және «Мойын Чор» ескерткіштерінің орны ерекше. Яғни Көне Түркі жазулары 5-8 ғасырлар аралығында Сібір, Монғолия, Шыңжаң, Қазақстан, Қырғызстан және Оңтүстік Ресей жерінде кеңінен қолданылғаны туралы қорытынды шығаруға болады. Бұл көрсетіліп отырған тарихи мезгіл (5-8 ғасырлар) мен оның таралған үлкен аймағы Ұлы

Түркі қағандығы, одан бөлінген Батыс және Шығыс Түркі, Түргеш, Хазар қағандықтары мен Көк Түркілер (Екінші Түркі қағандығы) мемлекеттерінің аумағы мен өмір сүрген дәуіріне сәйкес келеді. Бұдан басқа қазіргі ғылымға көне Түркі жазуларының Тибет аймағындағы және еуропалық далаларындағы нұсқалары белгілі.


#### Көне Түркі жазуының мазмұны.

Көне Түркі жазуының құпиясын ашқан даниялық ғалым Вильгельм Томсен болатын (1893 жылы бастап). Кейін орыс түркітанушылары аударып, көп зерттеді. Оған 20 ғасырда Түркі елдерінің ғалымдары – татар, өзбек, түрік, қазақ, әзірбайжан зерттеушілері қосылды. Кейде «руна (руникалық) жазулары» деп аталады. Оның себебі жазудың құпиясы ашылмай тұрғанда, бұл жазулар бір қарағанда ежелгі скандинавия халықтарының жазбаларына ұқсайтын еді. Алайда ғылыми зерттеулер Түркі жазулары екенін анықтады. Томсен ең алғаш рет «Түрк» және «Теңрі» сөздерінен бастап оқыған екен. Бұл жазулардың жалпы көлемі ұзақ. Қазіргі өлшеммен алғанда орта көлемдегі кітапты құрайды. Көптеген тарихи, мәдени, жағрапиялық, саяси деректер бар, сол кездегі халықтың өмірінен, таным-түсінігінен, дүниетанымы мен салт-дәстүрінен хабар береді. Тарихи оқиғалар тізбегі Ұлы қағандардың жорықтары жыраулық-жорықтық үлгідегі әдемі, көркем тілмен баяндалған. Сондықтан көптеген зерттеушілер оларды Көркем шығармаларға жатқызады. Жазбаларды Көне Түркілер мен Көк Түркілер дәуіріндегі болған оқиғалар сипатталып, жағрапиялық атаулар, сол кездегі тайпалардың атаулары мен оналасу, таралу аймағы көрінеді. Өкініштісі, Түркі жазба ескерткіштері манихейшіл Ұйғыр қағандығы кезінде аяусыз қиратылған.

#### **«Құтаду білік» - түрік халықтарының зайырлы әдебиетінің тұңғыш ескерткіші.**

Жүсіп Баласағұнидің XI ғасырда түркі тілінде жазған педагогикалық трактаттары кең өріс алды. Оның «Құдатғу біліг» (1070 ж.) («Құтты білік») атты кітабы – сол кездегі түркі тілді халықтардың дүниетану тақырыбындағы алғашқы шығарма. Мұнда адамға білімнің тірліктегі мәні, адам іс-әрекетінің оңы мен терісі, тілден келетін пайда мен зиян, билеуші әкімдерге қажетті асыл қасиеттер, әр текті жұртшылық өкілдерінің тілін таба білу т.б. хақындағы ой-толғамдар, отбасы мен неке, ұл мен қыздың тәрбиелі өнегесі, бала мен ата-ананың қарым-қатынасына байланысты мәселелер жан-жақты сөз болған.

Дастанның бүгінге дейін сақталып жеткен үш нұсқасы бар: 1) Вена нұсқасы, 2) Каир нұсқасы, 3) Наманган нұсқасы. Бұл дастанның негізгі идеясы төрт принципке негізделіп жазылған: 1) мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы; 2) бақ дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек, 3) ақыл-парасат мәселесі, 4) қанағат-ынсап мәселесі.



Ж.Баласағұнидан бір жарым ғасыр кейін өмір сүрген аса көрнекті ойшыл Ахмет Иасауи де өз шығармаларын түркі тілінде жазғанымен, араб алфавитін қолданған.

### **Махмуд Қашғари және оның «Диуан лұғат ат-түрік» еңбегі.**

М.Қашқаридің «Дивани лұғат ат-түрік» («Түркі тілдерінің сөздігі») атты кітабы 1072 жылы 25 қаңтарда басталып, 1074 жылы 10 ақпанда жазылып біткен. Еңбектің түпнұсқасы бізге жетпеген. Оның жалғыз көшірмесі 1266 жылы жазылған. М.Қашқари Қашқарда туып, жастық шағын Баласағұнда өткізіпті. Ол араб тілі мен араб әдебиетін, парсы мәдениетін жақсы білген. Грамматика жазудың классикалық әдісін жете меңгерген. М.Қашқаридің еңбегі туралы алғашқы деректер ХІҮ ғасырдан басталады. Еуропаға тараған М.Қашқари еңбегі туралы алғашқы хабарлардың бірі – 1904 жылы Венгер академиясы жариялаған лингвистикалық жинақтағы мәлімет. М.Қашқари еңбегінің шын мәнінде зерттеу объектісіне айналуы оның үш томдық түпнұсқасы 1915-1917 жылдары Стамбулдағы Ахмет Фирхат баспасынан шығу кезінен басталады. Барлығы 1063 беттен тұрады. Осыдан кейін-ақ бұл аталған еңбек хақында пікір, хабарлар жарияланып, ол батыс, шығыс елдеріне түгелдей мәлім болды. Өзбек тіліндегі аударманың I томы 1960 жылы, II томы 1963 жылы жарық көрді. Түріктің білімпазы Б.Аталаи еңбектің үш томдық аудармасын (1939-1941 жж.) 1914 жылы шыққан түпнұсқадағы сөздердің бір томдық тізімін жасап шығарды.

Еңбек М.Қашқари заманындағы түркі тілді халықтардың қоғамдық өмірі мен рухани дүниесінің алуан саласын қамтитын материалдарға толы. Онда тарихи, әлеуметтік жағдайларға, әдеби мұраларға, мәдениет пен тіл ерекшеліктеріне географиялық суреттеулер мен астрономиялық атауларға, тағы басқа толып жатқан мәселелерге байланысты аса бай әдебиет үлгілерін, өлеңдер мен жырларды, толып жатқан құнды материалдарды кездестіреміз.

### 03/ МАХМУД ҚАШҒАРИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДИУАНИ ЛУҒАТ АТ-ТҮРІК ЕҢБЕГІ.

- Диуани лұғат ат-түрік 1072-1074 жылдары жазылды.
- Түпнұсқасы сақталмаған.
- 1266 жылы нәшірмесі жасалды.
- Түркі тілдер халықтарының қоғамдық, рухани дүниесінің материалдарына толы.



### Діни наным-сенімдер. Тәңірге табыну. Исламның таралуы.

Ертедегі түрік дінінің негізі Көкке (Тәңір) және Жер-Суға (Иер-Суб) сыйыну болды. Құдырет деп есептелген бұл қос күштің негізгісі Көк болды. Қағандар нақ осы Көктің еркімен өздерін халықтан жоғары тұрып билеп отырмыз, Көктің еркімен соғыста жеңіске жетіп отырмыз, жұт жылдары түрік халқын Көк пен Жер-Су сақтап қалады деп түсінді. Сондықтан түрік хандары Көк тәңірін әрдайым өздерін желеп-жебеуге шақырды. Түріктердің нанымы бойынша Көктен кейінгі желеп-жебеуші әйел тәңірісі – Ұмай ана. Ол отбасымен бала-шағаны қорғаушы. Ұмай түрік тайпалары сыйынған. Құдыретті үш күштің бірі болған. Оны түріктердің атақты әскер басшыларының бірі Тоны-көктің құрметіне орнатылған ескерткіште жазылған – «Көк, Ұмай (құдай), қасиетті Жер-Су, міне бізге жеңіс сыйлаған осылар деп ойлау керек» - деген сөздерден көруге болады. Кейбір түркі тайпалары күнге, айға, жұлдыздарға табынған. Түркілер жыртқыш аңдарының ішінде бөріге (қасқыр) табынып, оларды «көк бөрі» деп атаған.

### 04/ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕР. ТӘҢІРГЕ ТАБИҢУ. ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ.

- Ертедегі түрік дінінің негізі Көкке (Тәңір) және Жер-суға (Иер-Суб) сыйыну болды.
- Будда, Христиан, манихей, зороастра діндері де болды.
- Ислам діні өзге діндерді ығыстыра бастады.



Ортағасырлық Қазақстан жерінде ертедегі пұтқа табынушылықпен қатар белгілі дүниежүзілік будда, христиан, манихей, зороастра діндері де тарай бастады. Олардың тарауына Ұлы Жібек жолы маңызды рөл атқарды. Шығыс Түркістан мен Қытайға будда діні Үндістаннан Орта Азия мен Қазақстан арқылы өткен. Зерттеушілердің пікірінше, түріктер VI ғ. бастап буддизмнің ықпалына түскен, ал VII ғ. бірінші жартысында батыс түріктерінің кейбір

билеушілері буддизмді қолдап, оған қамқорлық жасаған. Будда діні Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда едәуір кең таралды. Будда дінімен қатар Жібек жолымен Батыстан Шығысқа қарай жылжи отырып христиан діні, оның несториандық бағыты тарайды. V ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Рим империясында әулие Несториан Мария анадан құдай емес, адам туған, Христос «құдайлар мекенінен келуші», қасиетті рухты таратушы ғана болған деп уағыздайды. Бұл жаңалық халық арасында абыржушылық туғызды. Несторийдің ағымы 431 жылы Эфес соборында айыпталып, несториандар аяусыз қудалана бастады. Қуғындаулар нәтижесінде олар шығысқа қашуға мәжбүр болды. VII – VIII ғғ. Несториандық ағым Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында орын алды. Тараз бен Меркеде христиан шіркеулері жұмыс істеді. Тарихи деректер христиан дінінің несториандық тармағын қыпшақтардың батыс бөлігі, Жетісу жерінде жерінде наймандар мен керейіттердің қабылдағаны жөнінде мәлімет береді.


Қазақстанның ортағасырлық қалаларының тұрғындары арасындағы тараған келесі діндердің бірі – зороастра. Бұл дін ең әуелі б.з.б. VII-IV ғғ. Ертедегі Иран жерінде қалыптасты. Зороастра діні суды, отты, жерді, ауаны қастерлеуді уағыздады. VI-VII ғғ. Қазақстан қалаларына зороастра дінін Орта Азиядан Соғдылар әкелген. Негізінен Сырдария бойындағы қалаларда таралған және пұтқа табынушылықпен, атап айтқанда, отқа, ата-бабаларға, үй жануарларына – қойға, жылқыға, түйеге табынумен тығыз араласып кеткен.

VIII ғасырда Қазақстан жерінде түрік тайпаларының арасында ислам діні тарай бастады. Әсіресе Орта Азиядағы саманилер әулеті тұсында ислам қарқынды түрде жүрді. Оны тарату үшін Қазақстанның оңтүстік аудандарына, Жетісуға көптеген жорықтар жасалды. Саманилер Исфиджаб, Фараб, Шаухар және Тараз қалаларын басып алып, өздеріне тәуелді етті. Исфиджаб үшін болған шайқастар «дін жолындағы күрестің» орталығына айналды. X ғасырдың аяғында ислам Жетісу қалаларына кеңінен тарады және олардың көпшілігінде мешіттер пайда болды. Қарахандықтар Шу алқабын жаулап алғаннан кейін исламды ресми дін деп жариялады. Осыдан кейін ислам Қазақстан жерінде христиан дінін де, будда дінін де, зороастра дінін де, жергілікті пұтқа табынушылықты да біртіндеп ығыстырып шығарды. Дегенмен, олардың қалдықтары көп жерлерде ұзақ уақыт сақталып қалды.

### **Көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара әсері.**

## 05/ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ОТЫРЫҚШЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ӨЗАРА ӨСЕРІ.

- Мал өнімдеріне мамандырылған көшпелі экономика егіншілік өнімдерін, қолөнер бұйымдарын отырықшылардан алса, отырықшылар мал өнімдерін, кейбір қолөнер заттарын, қолөнерге қажетті шикізаттарды көшпелілерден алып отырды.
- Түркілердің үзеңгісі еуропаға тарады.
- Көшпелілер отырықшылармен өзара мәдениет алмасты.
- Қалалар сауда орталығына айналған.



### Шаруашылық, мәдени және саяси байланыс.

Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы байланыс мәселесі тарих ғылымында әр түрлі пікірлер туғызып отыр. Біраз зерттеушілер көшпелілер мен отырықшылар қарым-қатынасын олардың арасындағы қырғи қабақ қақтығыстар, соғыстар, жаулап алу әрекеттерімен байланыстырады. Бұл ретте көшпелілер белсенді рөл атқарды деп есептейді. Енді бір топ зерттеушілер бұл қарым-қатынастағы көшпелілердің орнын төмендетіп көрсетуге тарысады. «Көшпелілер отырықшылардың мәдени жетістіктерін қиратушылар, не болмаса өздеріне қабылдап алушылар болды» деген пікірлер де жиі кездеседі.


Көшпелі және отырықшы жұрттардың арасындағы қатынас әр заманда, әр түрлі аймақта әрқалай болды. Олардың қарым-қатынасында қақтығыс, соғыстармен қатар бейбіт сабақтастық, шаруашылық, сауда, мәдени өзара әсерлер аз болған жоқ. Мал өнімдеріне мамандандырылған көшпелі экономика егіншілік өнімдерін, қолөнер бұйымдарын отырықшылардан алса, отырықшылар мал өнімдерін, кейбір қолөнер заттарын, қолөнерге қажетті шикізаттарды көшпелілерден алып отырды. Мұндай сауда, айырбас қатынастары, әсіресе отырықшы халықтар мен көшпелі елдер көршілес орналасқан шекаралық, аймақтарда пәрменді түрде іске асып отырды.

Отырықшы елдерге жылқы малы, оны мініске, жегуге үйрету көшпелі малшы тайпалардан келді. Атты әскер дәстүрі, садақтың түрлері, қылыш, ат әбзелдері де көшпелілерден келген. Мысалы, VI ғасырда түркі тайпалары пайдаланған темір үзеңгілі ертоқым келесі ғасырларда бүкіл Еуропаға таралды. Отырықшы елдер көшпелілердің қару-жарағына, киіміне еліктеді. Мысалы, VII-VIII ғасырлардағы түркілердің кісе белдіктері Қытайдан Иракқа дейінгі аралықта пайдаланылған. Таң әулеті кезіндегі Қытайда көшпелілердің киімі кең таралды, Еуропада орыс, поляк, венгр ақсүйектері киім киісінде, шаш қоюында көшпелілер үлгісіне еліктеді. Көшпелілерде б.з.д. I мыңжылдықта пайда болған өнердегі «аң стилі» Қытайдан Дунайға дейінгі аралықтағы отырықшы елдерге де кең таралды.

Көшпелілердің өзіндік саяси мәдениеті болды. Олар ел басқарушыларын ерекше қасиетті адам, Тәңірдің жердегі өкілі деп түсінді, ерекше басқару жүйесі, империялық қызмет пендері, рәміздері, ел басқарудағы ерекше мұрагерлік дәстүрі болды. Осы мемлекеттік басқару тәртібін көшпелілер

кейбір жаулап алған отырықшы елдердің саяси жүйесіне орнықтырып та отырды.

Көшпелілер отырықшы халықтардың бір-бірімен мәдениет алмасуына, олардың бірінен екіншісіне мәдени үдерістердің ауысуына себепші болды. Көшпелілер миграциясы, олардың бір отырықшы елдерден кейін келесі бір отырықшы халықтарды жаулап алуы арқылы мәдени диффузия іске асып отырды.



Ерте орта ғасырлар заманында көшпелілер отырықшылармен тек қана соғысып қойған жоқ, сонымен қатар өзара тығыз бейбіт байланыста болды. Көшпелілер отырықшы елдер шеберлеріне өздеріне қажетті құрал-сайман, жабдықтарға тапсырыс жасаумен қатар оларды қажетті шикізатпен қамтамасыз етіп отырды. Сонымен бірге көшпелілер отырықшылардан түрлі колөнер түрін үйренді.

#### Қала-дала байланыстары.

IX-XII ғасырларда қалыптасқан қала мәдениеті жағдайында қолөнер мен сауда дамыған кезде отырықшы өркениет көшпелілердің экономикалық қарым-қатынастарының қажетті құрамды бөлігіне айналды. Бұл кездегі көшпелілер мен отырықшылардың қарым-қатынасы қалаларды жаулап алудан бастап, қарапайым айырбасқа дейін түрлі сипатта болды. Бұл кездегі қала мәдениетінің өсуі, мүлік теңсіздігінің күшеюі көшпелілерді қызықтыра түсті.

Қалалар көшпелілердің сауда-саттық жасайтын орталықтарына айналды. Қарлұқтардың, тоғыз-оғыздардың жартылай отырықшылыққа айналуы жөнінде ортағасырлық авторлар жазған.

Көшпелілердің Азия мен Еуропада қағанаттар түріндегі ерте мемлекеттіліктерінің пайда болуы I мыңжылдықтың екінші жартысындағы аймақтық әлеуметтік-саяси, экономикалық ерекшеліктерін анықтаушы фактор болды.

Қыпшақтардың оңтүстік Ресей даласында пайда болуы Киев Русін өзінің оңтүстік-шығыс шекараларын қорғауды ұйымдастыруға, бекіністер салуға мәжбүр етті.

Көшпелілер мен отырықшылардың шекаралық аймағының материалдық мәдениеті аралас болды.



Аралдың шығыс маңы, Сырдың төменгі ағысы, Шу, Талас өңірі, Жетісу көшпелілер мен отырықшылардың ежелден және ұзақ уақыт тоғысқан аймағы болды.

VII ғасырларда салынған Жетісу қалаларының көбі түрік қағандарының ордасы ретінде пайда болып қалыптасты. Жетісуда отырықшы мәдениет VI-XIII ғасырлар бойында көбейіп, қанат жая бастады. Түркеш, Қарлұқ, Қарахандар қағанаттарының халқы көшпелілер мен отырықшылардан тұрды. Қарлұқ, әсіресе Қарахандар дәуірінде көпшілік көшпелілер отырықшылыққа өтті. Осы кезеңде көп пайда болған қоныстар мен қалалардың ерекше түрі - төрткүлдер. Осы I кезеңдегі қала жұртының материалдық мәдениетінде қалалық және көшпелілік сипат араласты. Мысалы, ауланың ішінде киіз үй тігіп отыру салты, ауладағы кең мал қоралар, т. б.

Жетісуда ортағасырлық қалалардың қирауының, қала мәдениетінің құлдырауының басты себебі – әскери саясат тәртібіне байланысты болды. Алдымен хорезмшахтың қидандарымен, одан соң наймандармен соғысы. Содан соң Жетісуды монғолдардың жаулап алуы. Соғыстардан, шапқыншылықтардан, ең алдымен, қалалар мен қоныстар қатты зардап шекті. Өндіріс, мәдениет ошақтары қиратылды, қала халқы жаппай Сырдария мен Ферғанаға қоныс аударды.

Қалалардың қирауына ішкі, отырықшы иеліктердің өзара қақтығыстары да себеп болды. Іле даласында қала мәдениеті XIII ғасырда, Шу аңғарында - XIV ғасырда, Талас өңірінде XV ғасырда құлдырап, тоқырай бастады. Жетісуда қала мәдениетінің мүлде құруы Ақсақ Темірдің Моғолстанмен соғыстарының салдарынан болды.

Қазақстан аумағында исламды таратушылар арабтар емес, Орталық Азияның қалалық мәдениет орталықтарынан шыққан саманидтер болды. Араб мәдениетімен бірге араб жазуы, араб сәулет өнері, қыштан жасалған бұйымдары, эпиграфикасы келді. Мұсылмандық түркі қоғамының интеллектуалдық өміріне біршама өзгеріс әкелді. Арабтық, мұсылмандық мәдениетті меңгерген ғалымдар тобы қалыптасты: әл-Фараби (X ғ.), Жүсіп Баласағұни (XI ғ.), Махмуд Қашқари (XI ғ.), әл-Хорезми (XIV ғ.), т.б. Қазақстанда мұсылман дінін таратушы топтар пайда болды. Олар: хатибтар, мутаваалдар, молдалар, имамдар, т.б.

Орта ғасырларда Месопотамия жерінен шыққан манихей діні қазақ жеріне Мәуереннахр отырықшылары арқылы келді. VIII ғасырда Батыс Түрік қағандары шығыстан келген манихей дініне колдау жасады. Манихей дінінің Қазақстандағы орталығы Тараз қаласы болды. Осы қалада жазылған манихейліктердің «Екі негіз жөніндегі қасиетті кітабы» (VIII ғ.) «он оқ бүдүн елін» (түркілерді) дінге қарату мақсатын көздеген еді. Манихей дінінің негізгі қағидасы бойынша, өмір жағымды, таза күштер мен зиянды, кара ниетті күштердің күресінен тұрады. Олар ілгерілеушілікке, дамуға қарсы болды, отбасын, өмірдің қызығын төрк етті. Мал егін жеуге қарсы болды, тек өсімдік тағамдарын пайдалануды уағыздады.

Б.з. V ғасырында Қазақстан жеріне несториандық сарындағы христиан діні ене бастады. Несториандар қасиетті Мария Құдайды емес, адам

бейнесіндегі Христосты туды деп мәлімдеді. Сол үшін қуғындалған Нестордың ізін қуушылар өз дінін шығыс елдеріне таратуға бет алды. Осы дінді әрі қарай таратушы Сириядан шыққан несториан-христиандар біртіндеп оны Бактрия, Парфия, Мәуереннахрға, Қазақ жеріне, одан Қытай мен Монғолияға таратты. Несториандың христиандардың V-VIII ғасырларға жататын шіркеулері, ескерткіштері Тараздан, Меркеден, т.б. оңтүстік және Жетісудың ортағасырлық қалаларынан табылды. Орта ғасырларда бұл өңір халқы көне шамандық-тәңірлік дінмен қатар әр жерде буддизм, манихейлік, христиандық діндерді ұстанды. Бұл өңірде IX-X ғасырлардан бастап мұсылман діні кең таралып, негізгі дінге айнала бастады. Орта ғасырларда оңтүстік өңірде осындай діни синкретизмнің (күрделі араластықтың) пайда болуы да көшпелілер мен отырықшылардың мәдени қарым-қатынасының нәтижесі еді.

Сонымен, көшпелілер мен отырықшы халықтардың арасында тығыз байланыс болған. Бұл байланыс бірде жаугершілік, бірде арагүдік қақтығыстар, алым-салық түрінде болса, ал көпшілік жағдайда бейбіт қарым-қатынас, сауда, айырбас түрінде іске асты. Көшпелі мәдениет пен отырықшы өркениеттердің жиі, тығыз араласуына Ұлы Жібек сауда жолындағы қалалар үлкен әсер етті. Көшпелі және отырықшы шаруашылық-мәдени тұрпаттың өзара әсері, әсіресе олардың шекаралық аймақтарында күшті жүрді. Көшпелілер мен отырықшылар шаруашылық-экономикалық, мәдени байланыстары арқылы бір-бірінің мәдениетін байытты.

### **Көшпелілердің материалдық мәдениеті.**

Түркі дәуіріндегі материалдық мәдениет қалдықтарының түрлері негізінен адамдардың шұғылданған шаруашылықтармен байланысты болған. Оған археологиялық қазба зерттеулері нәтижесінде табылған заттар толық дәлел бола алады. Мәселен, түркі дәуірі кезіндегі обалардан көбірек кездесетін заттар: қол диірмендер, үккіштер, темір орақтар т.б. құрал-жабдықтар. Бұлар ол кездегі халықтардың егін шаруашылығымен айналысқан жағдайын байқатады. Ал түркі тайпаларының мал шаруашылығымен кеңінен айналысқандығынан археологиялық қазбалардың барысында молырақ кездесетін темірден жасалған ат әбзелдері (ауыздықтар, олардың әшекейлері, үзеңгілер) құрал-сайман, қару-жарақтар, әсіресе, темір семсерлер, найзалар, олардың ұштары т.б. көрсетеді. Олардың барлығы сол кездегі түркі тайпаларының темір қорытуды жақсы меңгергендігін дәлелдейді. Сондай-ақ, ғылыми қазба жұмыстары кезінде түркілердің зираттарынан құрал-саймандар, қару-жарақтармен қатар қолөнер бұйымдары, әшекейлік заттар өте көп кездеседі. Олардың ішінде: кісілер, белдіктер, омырауға тағатын алқалар т.б. бар. Кіселер алтын, күміс және қымбат бағалы тастармен безендіріліп отырған. Түркілер тамаша етікшілер болған. Табылған аяқ киімдердің ішінде өкшесі биік емес, қайқы бас етіктер және кебіс қалдықтары кездеседі.

Түркі халықтарының материалдық мәдениеті жөнінде айтқанда, әсіресе, зираттардың басына тастан жасалған мүсіндердің көптеп қойылғандығы

көңіл аударарды. Олар: балбал тастар, тас келіншектер т.б. Бұл тас мүсіндер Қазақстанның барлық аймақтарында көптеп кездеседі. Олар түркі тайпаларының ішінде қолөнершінің, әсіресе, тас қашайтын шеберлердің болғандығын көрсетеді.

Ортағасырлық Қазақстанның материалдық мәдениетінің басты бір саласы – архитектуралық құрылыс өнері. Оның даму барысында қалаларда қоғамдық ғимараттар, тұрғын үйлер тұрғызу, ислам және басқа да діни кешендерін салу ісі өрістеді. Бұлардың архитектуралық сыртқы көрінісі жинақы, қаланың орталық алаңдарында орналасқан іргелі құрылыстардан тұрған. Мешіт құрылысында, оның зәулім биік мұнарасын тұрғызуда сәулет өнерінің сол кездегі жетістіктері пайдаланылған. Ол кездегі монументальдық архитектуралық құрылыстар қатарына Тараз қаласынан 18 шақырым жердегі Бабаджа – Хатун және Айша бибі кесенелері жатады. Бұл құрылыстар тек архитектуралық әсемдік жағынан ғана емес, сонымен қатар оның безендірілуі, ондағы ою-өрнектер халқымыздың материалдық асыл мұралары қатарынан жоғары орын алады. Материалдық мәдениет жүйесінде, осы заманға дейін жеткен шығыс моншасының құрылыстары және оларға тартылған су құбырларының маңызы ерекше. Мұндай құрылыстар Оңтүстік Қазақстандағы қазба жұмысымен жүргізілген Отырардан, Түркістаннан, Тараз, Ақтөбе, Талғар т.б. қалалардан табылды. Қала тұрғындары тұрмысында монша алдыңғы кезектегі рөлдердің бірін атқарды. Монша мешіттен кейінгі адамдар ең көп баратын орын болды.

#### **Қарастыратын дерек көздері:**

«Ғасырлар даналығы». Махмұд Қашғари // <https://youtu.be/E56v2eMEo5o>

«Ғасырлар даналығы». Жүсіп Баласағұн // <https://youtu.be/facEbO25BRk>

«Ғасырлар даналығы». Қожа Ахмет Яссауи // [https://youtu.be/D5WO\\_jONqKQ](https://youtu.be/D5WO_jONqKQ)

Көне түркі жазбалар // [https://youtu.be/e2eO\\_Xkkw6c](https://youtu.be/e2eO_Xkkw6c)

Көне түркі жазулары // <https://youtu.be/KU4rUle5nB0>